

## Аңдатпа

Дипломдық жобаның тақырыбы «Android платформасында "Алматы қаласының медициналық көмек" көсмшасын әзірлеу»

Дипломдық жобаның мақсаты– офис қызметкерлерінің жұмыс процесін талдау мен кәсіпқойлар жұмысының өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін программалық қамтама құру.

Алға қойған мақсатқа жету үшін келесідей технологиялар қолданылды:

- клиенттік интерфейсті құру үшін: Android Studio, Emulator;
- мәліметтер базасын жобалау үшін: СУБД PostgreSQL;
- серверлік логиканы құру үшін: Java.

Дипломдық жоба кіріспеден, 5 бөлімнен және қорытындыдан тұрады.

Кіріспеде таңдалған тақырыптың өзектілігі ашылады, өңдеу мақсаты қойылады және орындауға қажетті міндеттер, өңдеуді қолдану аймағы анықталады.

Бірінші бөлімде есепті шешуге арналған технологияларға талдау жасау мен таңдау келтірілген.

Екінші бөлімде қосымшаны жобалау сипатталады.

Үшінші бөлім қосымшаны құруды сипаттаудан, қойылған мақсатты практикалық шешудің қадамдық сипатталуынан тұрады.

Төртінші бөлімде өңделген жобаның экономикалық мақсаттылығын негіздеу қарастырылған.

Бесінші бөлімде жүзеге асырылатын жоба аясында еңбек шарттарын жақсарту бойынша шаралар қарастырылған.

Қорытындыда клиент-серверлік Android-қосымшаларды құрудың қазіргі заманғы құралдары меңгерілген және қойылған мақсатқа сай өңдеу орындалған, ары қарай қосымшаны толыққанды өнімге дейін жақсарту стратегиялары құрылған.